

«№92 гимназия» КММ
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 хаттамасынан көшірме

Қатысқан: 8 адам

Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қасқырбай А.Д.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

орынбасары – Токмурзина И. Ж.

Қамқоршылық кеңес мүшелері - Бейсейова М.Ә.

Абдрахманова М.Т.

Шайкен Р.О.

Дайров А.Б.

Омарова Г. А.

Қамқоршылық кеңес хатшысы - Жумабекова Н. Т.

Қарағанды облысының білім

саласын қадағалау

департаментінің

бас маманы

- Келбетова Р. Ш.

Күн тәртібі:

- 1. Қамқоршылық кеңестің 2017-2018 оқу жылы жұмысына талдау**
- 2. 2018-2019 оқу жылына кеңес жоспарын бекіту**

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы А.Д. Қасқырбай 2017-2018 оқу жылы жұмысына талдау жасап, есеп берді:

- 1 тамыз – 30 тамыз аралығында «Менің таңдауым балаларға көмек көрсету!» ұранымен өткізілген республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсету бағыты бойынша ата-аналар қауымдастығының ерікті демеушілік көмек көрсетуімен 106000 теңге көлемінде әлеуметтік категорияға жататын: асыраушысын жоғалтқан, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға қажеттіліктеріне қарай киім кешектер мен мектепке қажетті кеңсе тауарларымен барлығы 20 оқушы қамтамасыз етілді.
- Гимназияның «демеушілік, қайырымдылық көрсету» есеп шотындағы қаражатқа білім беру ұйымының материалдық техникалық базасын жетілдіру бағыты бойынша: кеңсе тауарлары (реестр папкалар) 14697 тг., құрлыс материалдары (эмулсия, коллер, краска, шпаклевка, сырлайтын шөткелер) 59799,96 тг., шамдар (1 қабаттағы шамдарды ауыстыруға) 12142 тг, тоқ қосқыш (включатель), тоқ сымдары 25698 тг. Барлығы 112336,96 теңге жұмсалды.

Сонымен қатар, бірнеше мерекелік, қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырылды:

- қараша айында қамқоршылық кеңестің қолдауымен кәсіби бағдар беру аясында гимназиямызда Дзюдодан Әлем кубогының тұңғыш, алтын жүлдегері, әлем чемпионатының вице-чемпионы жерлесіміз Раков Максим Сергеевич және ауыр атлетикадан әлем чемпионатының бес мәрте күміс жүлдегері, азия чемпионатының үш дүркін алтын

чемпионы Бутенко Олег Евгеньевичпен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылар сұрақ жауаппен алмасып спортшыларға алғыстарын білдірді.

- 16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Тәуелсіздік- деп соғады жүрегіміз!» атты ата-аналар мен оқушылар бірлескен отбасылық поэзия кешін өткізуге атсалысып, гимназияда өткізілетін іс-шаралар үштік одақтың бірігіп жасалатын жетістіктері екенін ата-аналар атап айтты.
- қаңтар айында өткізілген «Қамқорлық акциясы» аясында 7 «А» сынып ата-аналарының ерікті көмек көрсетуімен, әлеуметтік көмекті қажет ететін 3 «Ә» сынып оқушысына 65000 тг көлемінде қыстық куртка, етік, рюкзакпен қажеттілігіне қарай қамтамасыз етті.
- Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысымен ата – аналар қауымдастығы қолдауымен Ұлтық дәстүрімізді оқушыларға насихаттау мақсатында Наурыз мерекесін ауқымды көлемде өткізілді.
- сәуір айында оқушылар мен ұстаздардың жұптық «Екі жұлдыз» байқауы алғаш рет гимназия қабырғасында өткізілді. Байқауға қатысушыларды марапаттауға ата-аналар тарапынан қолдау көрсететін үміткерлерге жетондар алу арқылы жүзеге асырылып, оқушыларға сыйлықтар табысталды.
- мамыр айында ҰОС ардагерлерді құттықтау мақсатында гимназияға тиесілі мөлтек ауданда 20 ардагерге мекен – жайына барып, құттықтап, оқушылар мен ата-аналар алғыстарын білдірді.
- көктемгі демалыс кезінде гимназия маңын абаттандыру, көгалдандыру, сонымен қатар сынып кабинеттерінің келесі оқу жылына дайындық жұмыстарына көмек көрсету туралы ата-аналар жиналысында кеңес мүшелері тарапынан айтылып, көгалдандыру мен сынып кабинеттерінің жұмысына көмек көрсету барлық ата-аналардың ерікті түрде ұйымдасып, қолдауымен атқарылды.
- оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында гимназия жанынан 1-5 сынып оқушыларына арналған «Балдырған» сауықтыру лагері ашылып, және «Салют» лагеріне әлеуметтік категорияға жататын және дарынды оқушылар ұйымдастырылды. 1-5 сынып оқушыларына арналған «Балдырған» сауықтыру лагері ата-аналардың өтініштерін қанағаттандыру мақсатында маусым айында екі сезоннан (маусымнан) өткізу туралы гимназия әкімшілігіне ұсыныс жасады, себебі көпшілік оқушылар қалада болмауынан, осыған орай гимназия жанындағы лагерь 01.06.-30.07. аралығында жұмысын жүргізді. Лагерде тамақтану сәуір айында алынған сауалнама қортындысы негізінде гимназия асхана жалдаушысы ИП «Иманкулова» ұсынып отырған 500 теңгелік 2 мезгілдік (таңғы және түскі) ыстық тамақ құнымен ата-аналар келіскен. Ата-аналар тарапынан жазғы «Балдырған» лагерінде оқушыларға ағылшын тілі оқытылып, балаларды ата-аналарының қолдауымен гимназиядан тыс ойын-сауық орындарына апару туралы ұсыныстары толық орындалды.
- гимназия түлектерінің мектеп бітіру кештеріне арналған мерекелік іс-шара яғни аттестат табыстау күні ҚР Білім және ғылым министірлігінің хатына сәйкес 2018 жылы 15 маусымда өткізілуіне байланысты. 11 –

сынып түлектерінің ата-аналары тарапынан гимназия қамқоршылық кеңесіне мектеп бітіру салтанатын 2018 жылдың 17 маусымында өткізу туралы білдірген өтінішін қанағаттандырды.
сәуір айында өткізілген ата-аналар жиналысында ата –аналар 2018-2019 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасының үлгісі өзгеріссіз қалуын ұсынды. Себебі: 1 -11 сыныптар аралығында мектеп формасы қыз балалар: жағасы бар ақ блузка, қою көк түсті пиджак, офис ұзындығындағы (тізеге келетін) шотландка юбка (1-7 сынып қыздарына)

немесе классикалық шалбар (еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады). Ұл балалар: ақ түсті жейде, қою көк түсті костюм, шалбар және галстук. Жоғарыда аталған мектеп киім үлгісін гимназия оқушылары төрт жылдан бері киіп жүргендігін, сонымен қатар ата-аналар жиналысында барлық ата-аналар аталған киім үлгісінің келесі оқу жылында қалуын қолдап, өз еріктерімен қалаған жерден сатып ала алатындығы тиімді екендігін айтты. Ата-аналар ұсынысы қанағаттандырылды. Қамқоршылық кеңес 2017-2018 оқу жылына арналған жоспарға сай жұмысын толық атқарды.

Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы А.Д. Қасқырбай 2018-2019 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып, бекітті.

Ұсыныс: 1. «Әкелер одағы» слетін гимназияішілік деңгейде және қалалық, облыстық деңгейде өткізілсе деген гимназия директоры К.Т. Сейтимбетова ұсыныс жасады. 2. Елбасының Рухани жаңғыру, «Туған елге тағзым» бағдарламасы аясында оқушыларды экскурсияларға жиі апару ұйымдастырылса деген қамқоршылық кеңес төрағасы ұсыныс жасалды.

Шешім етті:

- 1) Қамқоршылық кеңес 2017-2018 оқу жылында жасалған жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін
- 2) 2018-2019 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңес жұмысы жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қасқырбай А.Д.

Қамқоршылық кеңес хатшысы – Жұмабекова Н.Т.

23.10.2018 ж.